



БҮЙРЫҚ

20. 02. 2024

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 04-03-01/57

город Астана

Париж 2024 Жазғы Олимпиада ойындарында Қазақстан Республикасы Ұлттық құрамасының салтанатты және спорттық олимпиадалық киім-кешегі мен жабдықтары жиынтығының дизайн тұжырымдамасын әзірлеуге арналған конкурсты өткізу және Конкурстық комиссияны бекіту туралы

Париж 2024 Жазғы Олимпиада ойындарында Қазақстан Республикасы Ұлттық құрамасының салтанатты және спорттық олимпиадалық киім-кешегі мен жабдықтары жиынтығының дизайн тұжырымдамасын әзірлеу үшін
БҮЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Спортты дамыту дирекциясы» РМҚК қажеттілігі үшін Париждегі 2024 Жазғы Олимпиада ойындарында Қазақстан Республикасы Ұлттық құрамасының салтанатты және спорттық олимпиадалық киім-кешегі мен жабдықтары жиынтығының дизайн тұжырымдамасын әзірлеуге арналған конкурстың Ережесін осы бұйрықтың №1 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Конкурстық комиссияның құрамы және хатшысы осы бұйрықтың №2 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор

Е. Естек

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТУРИЗМ ЖӘНЕ СПОРТ
МИНИСТРЛІГІ СПОРТ ЖӘНЕ
ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ІСТЕРІ
КОМИТЕТІНІҢ «СПОРТТЫ
ДАМУ ДИРЕКЦИЯСЫ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСПОРНЫ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ КАЗЕННОЕ
ПРЕДПРИЯТИЕ
«ДИРЕКЦИЯ РАЗВИТИЯ СПОРТА»
КОМИТЕТА ПО ДЕЛАМ СПОРТА
И ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ
МИНИСТЕРСТВА ТУРИЗМА И СПОРТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

БҰЙРЫҚ
№ 20.02.2024
Астана қаласы

ПРИКАЗ
№ 04-03-01/57
город Астана

Париж 2024 Жазғы Олимпиада ойындарында Қазақстан Республикасы Ұлттық құрамасының салтанатты және спорттық олимпиадалық киім-кешегі мен жабдықтары жиынтығының дизайн тұжырымдамасын әзірлеуге арналған конкурсты өткізу және Конкурстық комиссияны бекіту туралы

Париж 2024 Жазғы Олимпиада ойындарында Қазақстан Республикасы Ұлттық құрамасының салтанатты және спорттық олимпиадалық киім-кешегі мен жабдықтары жиынтығының дизайн тұжырымдамасын әзірлеу үшін **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Спортты дамыту дирекциясы» РМҚК қажеттілігі үшін Париждегі 2024 Жазғы Олимпиада ойындарында Қазақстан Республикасы Ұлттық құрамасының салтанатты және спорттық олимпиадалық киім-кешегі мен жабдықтары жиынтығының дизайн тұжырымдамасын әзірлеуге арналған конкурстың Ережесін осы бұйрықтың №1 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Конкурстық комиссияның құрамы және хатшысы осы бұйрықтың №2 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор

Е. Естек

«Спортты дамыту дирекциясы»

 РМҚК директоры
Е. Естектің

2024 жылғы 20.02

№ 04-03-01/57 бұйрығына

№ 1 қосымша

Париж 2024 Жазғы Олимпиада ойындарына Қазақстан Республикасы Ұлттық құрамасының салтанатты және спорттық олимпиадалық киім-кешегі мен жабдықтары жиынтығының дизайн тұжырымдамасын әзірлеуге арналған конкурстың
ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1.1. Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Спортты дамыту дирекциясы» РМҚК (бұдан әрі – Дирекция) қажеттілігі үшін Париж 2024 Жазғы Олимпиада ойындарында Қазақстан Республикасы Ұлттық құрамасының салтанатты және спорттық олимпиадалық киім-кешегі мен жабдықтары жиынтығының дизайн тұжырымдамасын әзірлеуге арналған ашық конкурстың (бұдан әрі — Конкурс) ұйымдастырушысы болып табылады.

1.2. Конкурс ашық болып табылады және өтінімдерді беруден бастап Конкурс жеңімпазын анықтауға дейін Конкурстың екі кезеңінен тұрады.

1.3. Конкурстың мәні мен шарттары осы Ережемен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

1.4. Конкурс туралы ереже жария оферта, ал оған қатысу акцепті болып табылады.

2. Конкурстың нысанасы

2.1 Париж 2024 Жазғы Олимпиада ойындарында Қазақстан Республикасының құрама командасы үшін салтанатты және спорттық олимпиадалық киім-кешегі мен жабдықтар жиынтығының дизайнын таңдау.

3. Мақсаттары мен міндеттері

3.1. Ашық конкурс барлық қызығушылық танытқан отандық киім-кешек пен жабдықтардың дизайн шеберлерінің барынша қатысуы және оларды қолдау мақсатында өткізіледі.

3.2. Конкурстың мақсаттары:

1) Париж 2024 Жазғы Олимпиада ойындарында Қазақстан Республикасы Ұлттық құрамасының салтанатты және спорттық олимпиадалық киім-кешегі мен

жабдықтарын таңдау және анықтау процесінің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету;

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық құрамасының салтанатты және спорттық олимпиадалық киім-кешегі мен жабдықтарын зерделеуге, дамытуға және әзірлеуге қатысуға дизайнерлердің қызығушылығын ынталандыру;

2) Конкурсақа қатысушылардың кәсіби шеберлігін және жұмыспен қамту көлемін арттыру;

3) Олимпиадалық құрама спортшыларының сыртқы келбетін сан алуан заманауи тұрғыда жасау саласындағы талантты шеберлерді, жаңа ұжымдарды анықтау және қолдау;

4) Заманауи спорттық киім-кешек жасау саласындағы жаңа трендтерді анықтау;

5) Қазақстан Республикасының халқы арасында отандық спортты танымал етіп насихаттау;

6) Конкурсақа қатысушылардың көрнекі эскиздік жұмыстарына онлайн-пікір қалдыруға жалпыхалықтық қатысу мүмкіндігі.

4. Конкурсақа қатысу шарттары және өтінімдерді беру тәртібі:

4.1 Конкурсақа қатысуға келесі қатысушылардың шектеусіз саны рұқсат етіледі:

- отандық кәсіби дизайнерлер;
- отандық дизайнерлік ұжымдар мен агенттіктер;
- жеңіл өнеркәсіп саласындағы отандық ұйымдар.

4.2 Конкурсақа қатысушының өтінімі Ережелердің осы тарауында көрсетілген барлық талаптарға толық сәйкес келуі тиіс, яғни желімделген конвертті құжаттар топтамасы баумен тігілген, нөмірленген, әрбір парағы дәйектелген қалпында, Конкурсақа қатысу мазмұнын қамтитын белгіленбеген үлгідегі жеке ілеспе хатымен келесі мекен-жай бойынша қағаз түрінде және электронды нұсқасы электрондық тасымалдауышта (флешка) қоса жіберілуі тиіс: Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы 11/5, 2-қабат, 206-кабинет, Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру комитетінің «Спортты дамыту дирекциясы» РМҚК мемлекеттік сатып алу бөлімі, сондай-ақ жіберілетін құжаттармен қоса келесі ақпараттар қамтылуы қажет:

1) Жеке тұлға үшін жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі немесе тіркелген заңды тұлға туралы анықтама;

2) Байланыс деректері-телефон, электрондық мекенжай, нақты орналасқан жерінің мекенжайы;

3) Дайын эскиздер.

4.3 Дайын жұмыстардың эскиздеріне қойылатын талаптар:

Конкурсақа қатысушының эскиздері осы Ереженің 9-тарауында көрсетілген олимпиадалық киім-кешек пен жабдықтардың алдыңғы және артқы жағынан суреті қағаз бетіне рұқсат етілген ең жоғары өлшемде түсіріліп салынған визуалды эскиздер жинағы болуы тиіс.

Қағаз түрінде — олимпиадалық форма мен жабдықтардың әрбір жеке заты түрлі-түсті және ақ қағазда/А3 форматындағы ақ фонда жасалуы керек.

Электронды түрде — олимпиадалық киім-кешектің және жабдықтарының әрбір затының визуалды эскизі түрлі-түсті болуы керек және келесі форматтардың кез келгенінде жеке файлдармен сақталуы керек: JPG, PNG (екі өлшемді графика үшін), файл өлшемі 1200*800 (pix.).

Визуалды эскизде көрсетілген олимпиадалық киім-кешек пен жабдықтардың әрбір жеке затына қолданылған дизайн элементтері (бұйым материалы, кескін, жазулар, үлгі, түстер, конструкциялар, фурнитура және т. б.) егжей-тегжейлі себеп-салдарымен сипатталуы тиіс.

4.4 Эскиздер мен құжаттар Конкурсқа қатысушының тарапынан міндетті түрде жеке авторлық болуы қажет және толықтай авторлық эксклюзивтілігін дәйектейтін хаты Ұйымдастырушының мекен-жайына қоса жіберілуі тиіс.

4.5 Қатысушылар Конкурс жарияланған күні мен уақытынан ерте немесе кеш дайын эскиз жұмыстарын жібере алмайды, сондай-ақ жіберілетін құжаттар мен ақпараттар осы Тарауда қойылған талаптар мен шарттарға сәйкес келмеген, толық болмаған жағдайда қатысушыларға конкурсқа қатысуға рұқсат берілмейді.

4.6 Конкурсқа қатысатын әрбір қатысушы Конкурсқа қатыса отырып, Конкурс ұйымдастырушысына дайын эскизді көпшілікке жеткізу, жариялау, көпшілікке көрсету, көбейту, тарату, қайта өңдеу арқылы дайын жұмыстарды өтеусіз негізде пайдалану құқығын және келісімін береді.

4.7 Конкурс жеңімпазы (жеңімпаздары) Конкурстың Ұйымдастырушысымен конкурсқа қатыстырылған жұмыстары мен эскиздерін Ұйымдастырушыға өз қалауы бойынша шектеусіз түрде пайдалануға және Ұйымдастырушының өзге де тұлғаларға шектеусіз түрде пайдалануға (қоддануға) құқығын ұсыну мүмкіндігі туралы шарт жасасу міндеттемесін қабылдайды.

4.8 Конкурс жеңімпаздарының визуалды эскиздеріне кез келген өзгерістер енгізу және пысықтау Ұйымдастырушының құқығы болып табылады. Бұл туралы жеңімпаз (жеңімпаздар) мен конкурс Ұйымдастырушы арасындағы тиісті ресми келісімдер куәландыратын болады.

5. Конкурстық комиссия

5.1 Конкурстық комиссия (ары қарай — Комиссия) байқау ұйымдастырушысының бастамасымен Дирекция қызметкерлері мен өзге тартылған азаматтардан құралып, уақытша жұмыс істейтін алқалы орган. Комиссия дайын визуалды эскиз жұмыстарын бағалауды, конкурсқа қатысушылардың өтінімдерін қарауды, сондай-ақ қорытынды шығаруды және конкурс жеңімпаздарын анықтауды жүзеге асырады.

5.2 Барлық мүше Дирекцияның шешімі бойынша бекітіледі. Комиссия құрамына дене шынықтыру және спортты қолдауға мүдделі адамдар ерікті негізде өз бастамасымен тартылуы мүмкін.

6. Комиссияның негізгі қызметі

6.1 Комиссия конкурс жеңімпаздарын анықтау кезінде барлық өкілетке ие. Осы тұста конкурсқа қатысушылардың барлық жұмысына қатысты ірі спорт ұйымдарының, тәуелсіз сарапшылардың және мемлекеттік органдардың, халықтың онлайн пікірі ескеріледі. Комиссия барлық кезеңде өз іс-әрекеттерінің толық ашықтығын қамтамасыз етеді.

6.2 Комиссияның негізгі функциялары:

1) Конкурсқа қатысушылардың өтініштерін қарау кезінде объективті және бейтарап болуды қамтамасыз ету;

1) Конкурсқа қатысушылар үшін бірдей жағдай жасап, бәсекеге қабілетті орта қалыптастыру;

3) Конкурс нәтижелерінің ашықтығын және тиімділігі қағидаттарын сақтау;

4) Конкурсқа қатысушылардың өтінімдерінде қамтылған зияткерлік меншік құқығына байланысты ақпаратты құпия сақтау;

5) конкурсқа қатысушылардың өтініштерін қарау кезінде Комиссияның жұмысына ықпал етуге және араласуға жол бермеу.

6.3 Комиссия төрағасы мен мүшелерінің өкілеті:

1) Төраға конкурстың барлық процесін дайындау және іске асыру жөніндегі жұмысты ұйымдастырады және жалпы басшылықты жүзеге асырады;

2) Мүшелер конкурс кезеңдерін өткізу бойынша барлық дайындық жұмысын қамтамасыз етеді, барлық жұмыс отырысына қатысады;

3) Хатшы конкурсқа дайындық және өткізуге қатысты жұмысқа қатысады, конкурс кезеңіне қатысуға келіп түскен өтініштер журналын жүргізуді жүзеге асырады және барлық жұмыс отырысына қатысады.

6.4 Комиссия өз қызметінде осы Ережені және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

6.5 Комиссия отырысының тәртібі:

1) Комиссия отырысының күні конкурс бастамашысының шешімімен анықталады;

2) Комиссия отырыстары Комиссия мүшелерінің кемінде 2/3 қатысуымен тек қана жеке өткізіледі;

3) Комиссия жұмысына комиссия төрағасы басшылық етеді. Ол мәселелерді қарау тәртібін, отырыстарды ашу және жабуды айқындайды, кворумның болуы белгіленеді, қаралатын материалдар мен құжаттардың осы Ереженің талаптарына сәйкестігінің тәртібі мен сақталуын қадағалайды, дауыс береді және комиссияның хаттамалары мен шешімдеріне қол қояды.

4) Мүшелер барлық отырысқа келуі қажет. Олар келген материалдар мен құжаттарды қарайды, дауыс береді және Комиссия отырысының хаттамаларына қол қояды;

5) Хатшы Комиссия отырысын ұйымдастыруды қамтамасыз етеді, қатысушылардың конкурсқа өтініштерін ашады, отырыста қаралатын күн тәртібіндегі материалдар мен құжаттардың дайын болуын қадағалайды, комиссия мүшелерімен бір қатарда отырыс хаттамасына, шешіміне, қорытындыларына қол қояды.

7. Өтінімдерді қарау тәртібі және конкурс шарттары

7.1 Конкурс екі кезеңнен тұрады және әрбір кезеңде жеңімпаз осы Ереженің шарттарына сәйкес Комиссия отырысында шешімдер жолымен айқындалады. Конкурстың 2-кезеңінде қорытынды шығару жолымен айқындалған салтанатты және спорттық киім-кешек конкурстың жеңімпазын қоспағанда, конкурсқа қатысу ақшалай-көтермелеу болып табылмайды.

Конкурс кезеңдері:

7.2 I - Кезең «Комиссияның конкурсқа қатысушылардың өтінімдері мен материалдарын қабылдауы және қарауы».

1) Бұл кезеңнің мерзімі: 2024 жылғы 28 ақпан 20:00-ден — 10 наурыз сағат 18:30 дейін.

2) Конкурс кезеңінің басталуы, барысы және аяқталуы туралы ақпараттың жариялану орны: www.gov.kz веб-сайты, @drs_kz және @olympickz инстаграм-парақшалары, www.kazsports.kz (техникалық мүмкіндігі болса).

3) Осы кезең уақытында қатысушылар осы Ереженің 9-тарауында анықталған олимпиадалық салтанатты және спорттық киім – кешегінің заттары мен жабдықтардың визуалды эскиздерінен құралған дайын жинағы болып табылатын жұмыстардың материалдарын ұсынады.

4) Конкурсқа қатысуға өтінімнің мазмұны мен ресімделуіне қойылатын талаптар осы Ереженің 4 - тарауында көрсетілген.

Конкурстың осы кезеңі конкурсқа қатысушылардың барлық келіп түскен жұмыстарына ашық онлайн-пікір қалдырумен қоса, төмендегі шарттар мен талаптар ескеріліп жүзеге асырылады:

1) Онлайн - пікір қалдыру функциясының орналасуы: www.gov.kz, www.kazsports.kz веб-сайты, @drs_kz және @olympickz инстаграм-парақшалары.

2) Онлайн пікір-қалдыру мүмкіндігінің мерзімі: 2024 жылғы 11 наурыз сағат 09:00-ден - 12 наурыз сағат 18:30-ға дейін.

3) Онлайн пікір-қалдыру кезінде біржақтылық пен мүдделілік тәуекелдерін азайту мақсатында эскиздік жұмыстар конкурсқа қатысушылардың атымен белгіленбейді.

4) Конкурса қатысатын белгілі бір қатысушысының визуалды эскиздік жұмыстарының әрбір жеке коллекциясы тұтастай онлайн – пікір қалдыруға ұсынылады.

5) Осы кезең конкурса қатысушылардың дайын эскиздік жұмыстарын жіберу арқылы алынған өтінімдерін Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен спорт құрылымдары, спорт федерациялары және спорт саласындағы тәуелсіз сарапшылар түріндегі Құзыретті үшінші тұлғалардың атына сындарлы ойлар мен жинақталған пікірлерін жолдауды білдіреді.

6) Спорттық ұйымдардың алған пікірлерін көпшілік алдында орналастыру орны: www.gov.kz веб-сайты, www.kazsports.kz веб-сайты, [@drs_kz](https://www.instagram.com/drs_kz) және [@olympickz](https://www.instagram.com/olympickz) инстаграм-парақшалары.

7) Алынған пікірлер осы кезеңде ескеріледі және комиссия назарына алынады.

7.3 II-кезең. «Конкурс жеңімпаздарын анықтау және жариялау, қорытындылау».

1) Кезең мерзімі: 2024 жылғы 13-15 наурыз аралығы.

2) Осы кезең комиссияның отырысы, онлайн-пікірлерді қалдыру арқылы жиналған пікірлерді ескеру, I-кезеңде көрсетілген үшінші тараптардың пікірлерін есепке алу және конкурстың түпкілікті жеңімпазын айқындау болып табылады.

3) Конкурстың түпкілікті жеңімпазын хабарлау және жариялау күні: 2024 жылғы 15 наурыз.

4) Конкурс жеңімпазы және оның эскиздік жұмыстары туралы ақпаратты орналастыру: www.gov.kz, www.kazsports.kz веб-сайты, [@drs_kz](https://www.instagram.com/drs_kz) және [@olympickz](https://www.instagram.com/olympickz) инстаграм-парақшаларында жүзеге асырылады.

5) «Үздік спорттық киім-кешек» және «Үздік салтанатты киім-кешек» номинациялары бойынша жеңімпаздың (жеңімпаздардың) марапаты әр номинация үшін «Туризм және спорт индустриясын қолдау қоры» есебінен 1 000 000 (бір миллион) теңге көлемінде ақшалай ынталандыру түріндегі сыйақы болып табылады. Ол жеңімпазға (жеңімпаздарға) 30 (отыз) күн ішінде төленеді.

7.4 Конкурс жеңімпазы (жеңімпаздары), қажет болған жағдайда, барлық мүдделі тұлғалардың фото/видео репортаждарына қатысумен қатар, олимпиадалық киім-кешек пен жабдықтың одан әрі көпшілік алдында жария етіліп таныстырылуына орай конкурс Ұйымдастырушысының іс-шараларына қатысуға міндетті болып табылады.

8. Конкурстың қорытынды жеңімпазын анықтау тәртібі.

8.1 Конкурстың қорытынды жеңімпазын анықтау механизмі Комиссияның қоғамдық онлайн-пікірлерді және үшінші құзыретті сарапшы тараптардан алынған барлық кәсіби пікірлерді есепке алу арқылы жүзеге асырылады.

8.2 Олимпиадалық киім-кешек пен жабдықтардың дұрыс өнімін жасау ерекшеліктеріне байланысты Комиссия Конкурса қатысушылардан алған

барлық материалдардың ішінен шешуші таңдау жасауға барлық өкілеттіктерге ие.

8.3 Қоғамдық онлайн – пікір қалдыру қоғамның талғамы мен сапалы пікірін және Қазақстан Республикасы Олимпиада командасының сыртқы келбетіне сәйкес ықтимал өзгерістер мен толықтыруларды зерделеу мақсатында құрылады.

9. Олимпиадалық нысандар мен жабдықтар:

9.1 Осы Ережеде және жарияланған конкурста олимпиадалық нысан мен киім-кешек заттары деп мыналар түсініледі:

9.2 Салтанатты форма (жазғы):

- 1) Ерлерге арналған пиджак;
- 2) Ерлерге арналған жейде;
- 3) Ерлерге арналған галстук немесе бабочка;
- 4) Ерлерге арналған шалбар;
- 5) Ерлерге арналған бас киімі;
- 6) Әйелдерге арналған пиджак;
- 7) Әйелдерге арналған жейде;
- 8) Әйелдерге арналған галстук немесе бабочка немесе орамал;
- 9) Әйелдерге арналған шалбар немесе юбка;
- 10) Әйелдерге арналған бас киімі.

9.3 Спорттық форма (жазғы):

- 1) Ерлерге арналған спорттық костюм;
- 2) Ерлерге арналған қысқа жеңді футболка;
- 3) Ерлерге арналған футболка (поло) ҚЫСҚА жеңді жейде;
- 4) Ерлерге арналған бейсболка (кепка);
- 5) Ерлерге арналған желден қорғайтын спорттық костюм, капюшон;
- 6) Ерлерге арналған шорты;
- 7) Әйелдерге арналған спорттық костюм;
- 8) Әйелдерге арналған қысқа жеңді футболка;
- 9) Әйелдерге арналған футболка (поло) қысқа жеңді жейде;
- 10) Әйелдерге арналған бейсболка (кепка);
- 11) Әйелдерге арналған желден қорғайтын спорттық костюм, капюшон.
- 12) Әйелдерге арналған шортылар (тым тар және қысқа емес)
- 13) Рюкзак;
- 14) Дөңгелегі бар спорттық (жол) сөмке;
- 15) Үлкен сүлгі;
- 16) Кішкентай сүлгі.

10. Олимпиадаға арналған киім формасы мен керек-жарақ жабдықтар
Тұжырымдамасын әзірлеуге қойылатын талаптар

10.1 Олимпиадаға арналған киім формасы мен керек-жарақ жабдықтар дизайны Ұлттық Олимпиада комитеттерінің бекітілген бірыңғай формасына және Париж-2024 формасына арналған іс жүзіндегі бірыңғай Нұсқаулықтағы барлық талапты ескере отырып, сәйкестендіріп, әзірленуге тиіс.

10.2 ҰОК формасы бойынша көрсетілген нұсқаулық әр формаға, яғни, киімге (әрбір спорт түрінің ережесіне сәйкес спорт киімін қоса алғанда, қатысушы киетін кез келген киімге), аяқ-киімге (қатысушы киетін аяқ-киімге немесе етікке) және аксессуарларға (қатысушы киетін, бірақ кимейтін кез келген көмекші сипаттағы заттарға) қатысты қолданылады.

11. Байланыс деректері

11.1 Конкурсқа бастамашы адамның ақпарат тарату, қатысушыларға түсіндіру жұмысына және жалпы конкурс өткізуге құзыретті және жауапты адамы – Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру комитетінің «Спортты дамыту дирекциясы» РМҚК Мемлекеттік сатып алу бөлімінің бастығы – Асқаров Ержан Өмірзақұлы.

11.2 Қызметкердің байланыс деректері:

тел: +7 7172 621429, +7 707 300 7976.

Мекен-жайы: Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы 11/5, 2-қабат, 206 кабинет, Мемлекеттік сатып алу бөлімі.

Приложение №1
к приказу Директора
РГКП «Дирекция развития спорта»
Е. Естек
от «20» 02 2024 года № 04-03-01/57

ПОЛОЖЕНИЕ

Конкурса на разработку Концепции дизайна комплекта парадной и спортивной олимпийской формы и экипировки национальной сборной Республики Казахстан в Летних Олимпийских играх 2024 в Париже

1. Общие положения

1.1. РГКП «Дирекция развития спорта» Комитета спорта и физической культуры Министерства туризма и спорта Республики Казахстан (далее - **Дирекция**) является Инициатором открытого конкурса на разработку концепции дизайна комплекта парадной и парадно-спортивной олимпийской одежды и экипировки национальной сборной Республики Казахстан в Летних Олимпийских играх 2024 в Париже (далее — Конкурс).

1.2. Конкурс является открытым и состоит из двух этапов Конкурса, с подачи заявок и до определения победителя Конкурса.

1.3. Предмет и условия Конкурса регулируются настоящим Положением, а также законодательством Республики Казахстан.

1.4. Положение о конкурсе является публичной офертой, а участие в нем акцептом.

2. Предмет Конкурса

2.1 Выбор дизайна комплекта парадной и спортивной олимпийской формы и экипировки национальной сборной Республики Казахстан в Олимпийских играх 2024 в Париже.

3. Цели и задачи

3.1. Открытый конкурс проводится с целью поддержки и максимального участия всех заинтересованных отечественных мастеров дизайна одежды и экипировки.

3.2. Задачи Конкурса:

1) обеспечение прозрачности и публичности процесса определения парадного и спортивного облика национальной сборной Республики Казахстан на Летних Олимпийских играх 2024 в Париже;

2) стимулирование интереса дизайнеров к изучению, развитию и участию в разработке формы и экипировки олимпийской сборной Республики Казахстан;

3) повышение профессионального мастерства и объёма занятости участников Конкурса;

4) выявление и поддержка талантливых мастеров, новых коллективов в области создания внешнего облика атлетов олимпийской сборной в его современном многообразии;

5) выявление новых тенденций в области создания современной спортивной одежды;

6) популяризация отечественного спорта среди населения Республики Казахстан;

7) возможность всенародного участия в онлайн-комментировании визуальных эскизных работ участников Конкурса.

4. Критерии участия и порядок подачи заявок на участие в Конкурсе:

4.1 К Конкурсу допускается неограниченное количество следующих участников:

- отечественные профессиональные дизайнеры;
- отечественные дизайнерские коллективы и агентства;
- отечественные организации в сфере легкой промышленности.

4.2 Заявка участника Конкурса должна полностью соответствовать всем требованиям, перечисленным в настоящей главе Положения, представлять из себя запечатанный конверт с пакетом документов в прошнурованном, пронумерованном, полистно за парафированном виде, с отдельным сопроводительным письмом неустановленного образца с содержанием участия в Конкурсе, и направленно в бумажном виде и электронная версия на электронных носителях (флешка) по адресу: г. Астана, проспект Кабанбай батыра 11/5, 2 этаж, 206 кабинет, отдел государственных закупок РКП «Дирекция развития спорта» Комитета спорта и физической культуры Министерства туризма и спорта Республики Казахстан, которое должно содержать следующее:

1) Копию документа, удостоверяющего личность, для физического лица, или справку о зарегистрированном юридическом лице;

2) Контактные данные — телефон, электронный адрес, фактический адрес местонахождения;

3) Готовые эскизы.

4.3 Требования к эскизам готовых работ:

Материалы готовых эскизов каждого участника Конкурса должны представлять из себя коллекцию визуальных эскизов предметов олимпийской формы и экипировки, перечисленных в главе 9 настоящего Положения, с передней и обратной стороны в максимально-допустимом размере размещения изображения на листе рисунка.

В бумажном виде — каждый отдельный предмет олимпийской формы и экипировки должен быть цветным и выполнен на белой бумаге/белом фоне формата А3.

В электронном виде — визуальный эскиз каждого предмета олимпийской формы и экипировки должен быть цветным и сохранён отдельными файлами в любом из следующих форматов: JPG, PNG (для двумерной графики), в размере файла 1200*800 (pix.).

Каждый отдельный предмет олимпийской формы и экипировки, отражённый в визуальном эскизе, должен сопровождаться детальным причинно-следственным описанием использованных элементов дизайна (материала изделия, изображения, надписей, паттерна, цветов, конструкций, фурнитуры, и прочего) в виде текстового документа на одном отдельном листе к каждому предмету.

4.4 Эскизы должны быть авторскими и обязательно сопровождаться письмом участника Конкурса в адрес Инициатора с содержанием утверждения о полной эксклюзивности авторства.

4.5 Материалы готовых работ и документы участников Конкурса, полученные ранее или позднее даты и времени, а также не соответствующие полноте запрашиваемой информации указанных в настоящей главе допускаться к участию в Конкурсе не будут.

4.6 Каждый участник, участвующий в Конкурсе, участвуя в Конкурсе, передаёт Инициатору Конкурса право и согласие на безвозмездной основе использовать готовые работы посредством доведения до всеобщего сведения, опубликования, публичного показа, репродуцирование, воспроизведение, переработку произведения, производное произведение готовых работ.

4.7 Победители Конкурса принимают обязательство о заключении с Инициатором Конкурса договора на любое использование (распоряжение) Инициатором или иными лицами, предоставленными Инициатором прав на использование (распоряжение) в неограниченном порядке и по своему усмотрению предоставленной для участия в конкурсе работы.

4.8 Любые дальнейшие внесения изменений и доработка визуальных эскизов победителей Конкурса является правом Инициатора, о чём будут свидетельствовать соответствующие официальные соглашения между победителями и Инициатором Конкурса.

5. Конкурсная комиссия

5.1 Конкурсная комиссия (далее — Комиссия) является коллегиальным органом, сформированным Инициатором Конкурса на временной основе из числа сотрудников **Дирекции** и привлечённых сторонних лиц. Комиссия осуществляет оценку готовых визуальных эскизных работ, рассмотрение заявок участников Конкурса, а также подведение итогов и определение победителей Конкурса.

5.2 Члены утверждаются решением **Дирекции**, в состав комиссии могут быть привлечены на добровольной основе по их инициативе лиц, заинтересованных в поддержке физической культуры и спорта.

6. Основные функции Комиссии

6.1 Комиссия обладает всеми окончательными полномочиями при определении победителей Конкурса, при этом учитываются онлайн комментарии общественности и мнения крупнейших спортивных организаций,

независимых экспертов и государственных органов по всем полученным визуальным эскизным работам участников Конкурса, и обеспечивает полную прозрачность своих действий на всех этапах.

6.2 Основными функциями комиссии являются:

1) Обеспечение объективности и беспристрастности при рассмотрении заявок на участие в Конкурсе;

2) Создание для потенциальных участников Конкурса равных условий и конкурентной среды участникам;

3) Соблюдение принципов открытости и эффективности результатов Конкурса;

4) Соблюдение конфиденциальности информации, связанной правами интеллектуальной собственности, содержащейся в заявках участников Конкурса;

5) Недопущение возможностей злоупотребления и вмешательства в работу Комиссии при рассмотрении заявок участников Конкурса.

6.3 Полномочия Председателя и членов Комиссии:

1) Председатель организывает работу и осуществляет общее руководство по подготовке и реализации всех процессов Конкурса;

2) Члены обеспечивают всю подготовительную, текущую и вытекающую работу по проведению этапов Конкурса, участвуют во всех необходимых рабочих заседаниях;

3) Секретарь принимает участие в работе по подготовке и проведению Конкурса, осуществляет ведение журнала поступающих заявок на участие в этапе Конкурса и принимает участие во всех рабочих заседаниях.

6.4 Комиссия в своей деятельности руководствуется настоящим Положением и действующим законодательством Республики Казахстан.

6.5 Порядок заседания Комиссии:

1) Дата заседания Комиссии определяется решением инициатора Конкурса;

2) Заседания Комиссии проводятся исключительно очно, в присутствии не менее 2/3 членов Комиссии;

3) Руководство работы Комиссии осуществляется Председателем Комиссии, которым: определяется порядок рассмотрения вопросов, открытие и закрытие заседаний, устанавливается наличие кворума, следит за порядком и соблюдением соответствия рассматриваемых материалов и документов требованиям настоящего Положения, голосует и подписывает протокола и решения Комиссии.

4) Члены обеспечивают свою явку, рассматривают полученные материалы и документы, голосуют, и подписывают протокола заседания Комиссии;

5) Секретарь обеспечивает заседание Комиссии, вскрывает конкурсные заявки участников, соблюдает наличие рассматриваемых на заседании материалов и документов повестки дня, подписывает у членов Комиссии протокола, решения и итоги заседания.

7. Порядок рассмотрения заявок и условия Конкурса

7.1 Конкурс будет состоять из двух этапов и на каждом этапе определяется победитель путем решений на заседании Комиссии, согласно условиям настоящего Положения. Участие в Конкурсе не является денежно-поощрительным, за исключением победителя Конкурса парадной и спортивной формы, определившихся путём подведения итогов на 2 этапе Конкурса.

Этапы Конкурса:

7.2 Этап I «Приём и рассмотрение Комиссией заявок и материалов участников Конкурса».

- 1) Период этапа: 20:00 часов 28 февраля — 18:30 часов 10 марта 2024 г.
- 2) Публичное размещение о начале, ходе и завершении этапа Конкурса: веб-сайт www.gov.kz, www.kazsports.kz, инстаграм-профили [@drs_kz](https://www.instagram.com/drs_kz) и [@olympickz](https://www.instagram.com/olympickz).
- 3) В период данного этапа, участники предоставляет материалы работ, которые являются готовой коллекцией визуальных эскизов предметов олимпийской формы и экипировки, перечисленных в главе 9 настоящего Положения.
- 4) Требования к содержанию и оформлению заявки на участие в Конкурсе перечислены в главе 4 настоящего Положения.

Данный этап Конкурса сопровождается публичным онлайн-комментированием всех поступающих работ участников Конкурса, в виде и при учёте следующего:

1) Размещение функционала комментирования: веб-сайт www.gov.kz, инстаграм-профили [@drs_kz](https://www.instagram.com/drs_kz) и [@olympickz](https://www.instagram.com/olympickz), www.kazsports.kz (при технической возможности).

2) Период возможности комментирования: 09:00 часов 11 марта — 18:30 часов 12 марта 2024 г.

3) В целях минимизирования рисков предвзятости и заинтересованности при комментировании, эскизные работы именами участников Конкурса обозначены не будут.

4) Комментированию подлежит каждая отдельная коллекция визуальных эскизных работ определённого участника Конкурса в целом.

5) Данный этап подразумевает направление получаемых заявок участников Конкурса с готовыми эскизными работами и сбор конструктивных мнений и комментариев в адрес компетентных третьих лиц в виде государственных органов и спортивных структур Республики Казахстан, спортивных федераций и независимых экспертов из области спорта.

6) Публичное размещение полученных мнений спортивных организаций: веб-сайт www.gov.kz, www.kazsports.kz, инстаграм-профили [@drs_kz](https://www.instagram.com/drs_kz) и [@olympickz](https://www.instagram.com/olympickz).

7) Полученные мнения и комментарии будут учитываться на данном этапе и будут приняты во внимание Комиссии.

7.3 Этап II. «Подведение итогов, определение и объявление победителя Конкурса».

- 1) Период этапа: 13-14 марта 2024 года.

2) Данный этап представляет из себя заседание Комиссии, учёт мнений, полученных путём онлайн-комментирования и в виде комментариев третьих сторон, указанных в этапе I, и определение окончательного победителя Конкурса.

3) Дата объявления окончательного победителя Конкурса: 15 марта 2024 г.

4) Публичное размещение информации о победителе Конкурса и его эскизных работ: веб-сайт www.gov.kz, www.kazsports.kz, инстаграм-профили @drs_kz и @olympickz.

5) Наградой победителя (победителей) в номинациях «Лучшая спортивная форма» и «Лучшая парадная форма» будет являться вознаграждение, в виде денежного поощрения в размере 1 000 000 (один миллион) тенге для каждой номинации из средств «Фонда поддержки индустрии туризма и спорта», которое подлежит выплате в течение 30 (тридцати) дней в адрес победителей.

7.4 Победители Конкурса в случае необходимости будут обязаны посетить мероприятия Инициатора Конкурса по случаю дальнейшей публичной презентации олимпийской формы и экипировки, включая участие в фото/видео репортажах всех заинтересованных лиц.

8. Порядок определения окончательного победителя Конкурса.

8.1 Механизм определения окончательного победителя Конкурса подразумевает учёт Комиссией всех комментариев, полученных путём публичного онлайн-комментирования и всех полученных профессиональных мнений от третьих компетентных экспертных сторон.

8.2 В силу специфики создания правильного изделия предмета олимпийской формы и экипировки, Комиссия обладает всеми полномочиями по принятию решающего выбора среди всех полученных материалов участников Конкурса.

8.3 Публичное онлайн-комментирование создаётся в целях изучения вкусового и качественного мнения общественности и соответствующего возможного внесения изменений и дополнений в отношении внешнего облика олимпийской сборной Республики Казахстан.

9. Предметы олимпийской формы и экипировки:

9.1 Под предметами олимпийской формы и экипировки в настоящем Положении и объявляемом Конкурсе подразумевается следующее:

9.2 Парадная форма (летняя):

- 1) Мужской пиджак;
- 2) Рубашка мужская;
- 3) Мужские галстук или бабочка;
- 4) Мужские брюки;
- 5) Мужской головной убор;
- 6) Женский пиджак;
- 7) Блузка женская;

- 8) Женский галстук или бабочка или платок;
- 9) Женские брюки или юбка;
- 10) Женский головной убор.

9.3 Спортивная форма (летняя):

- 1) Мужской спортивный костюм;
- 2) Мужская футболка с коротким рукавом;
- 3) Мужская футболка (поло) с КОРОТКИМ рукавом;
- 4) Мужская бейсболка (кепка);
- 5) Мужской ветрозащитный спортивный костюм с капюшоном;
- 6) Шорты мужские;
- 7) Женский спортивный костюм;
- 8) Женская футболка с коротким рукавом;
- 9) Женская футболка (поло) с коротким рукавом;
- 10) Женская бейсболка (кепка);
- 11) Женский ветрозащитный спортивный костюм с капюшоном;
- 12) Шорты женские (не слишком узкие и не короткие).
- 13) Рюкзак;
- 14) Спортивная (дорожная) сумка на колёсиках;
- 15) Полотенце большое;
- 16) Полотенце маленькое.

10. Требования к разработке Концепции дизайна олимпийской формы и экипировки

10.1 Дизайн олимпийской формы и экипировки должен разрабатываться согласно утвержденной идентификации униформы команды НОК - практического руководства — ОИ - Париж-2024, учитывая все требования в данном Руководстве.

10.2 Указанное Руководство по униформе НОК применяется к Униформе, то есть к Одежде (любому предмету одежды, который носит Участник, включая спортивную одежду в соответствии с правилами каждого вида спорта), Обувь (обувь или ботинки, которые носит Участник) и Аксессуарам (любые предметы вспомогательного характера, которые носит Участник, но которые не являются существенными для участия в мероприятии).


11. Контактные данные

11.1 Контактным представителем Инициатора, компетентным и ответственным за информационно-разъяснительную работу с потенциальными участниками и проведение Конкурса, является начальник отдела государственных закупок РГКП «Дирекция развития спорта» Комитета спорта и физической культуры Министерства туризма и спорта Республики Казахстан — Аскарлов Ержан Умирзакович.

11.2 Контактные данные сотрудника: тел.:
+7 7172 621429, +7 707 300 7976.

Адрес: г. Астана, проспект Кабанбай батыра 11/5, 2 этаж, 206 кабинет, отдел государственных закупок.

«Спортты дамыту дирекциясы» РМҚК
директоры

 Е. Естектің

2024 жылғы 20. 02
№ 04-03-01/57 бұйрығына

№ 2 қосымша

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Спортты дамыту дирекциясы» РМҚК қажеттілігі үшін Париж 2024 Жазғы Олимпиада ойындарында Қазақстан Республикасы Ұлттық құрамасының салтанатты және спорттық олимпиадалық киім-кешегі мен жабдықтары жиынтығының дизайн тұжырымдамасын әзірлеуге арналған конкурс өткізу жөніндегі конкурстық комиссияның құрамы және хатшысы қосымшаға сәйкес бекітілсін:

Естек Е.Ж. - «Спортты дамыту дирекциясы» РМҚК директоры
комиссия төрағасы;

Аскаров Е.У. - Спортты дамыту дирекциясы» РМҚК Мемлекеттік сатып алу бөлімінің басшысы **комиссия хатшысы**

Комиссия мүшелері:

Бектенова А. Б. - Спорт және дене шынықтыру істері комитеті төрағасының орынбасары;

Имашев А.Б. - Спортты дамыту дирекциясы» РМҚК директорының орынбасары;

Бисикенов Ж.К. - Материалдық-техникалық қамтамасыз ету және мемлекеттік сатып алу басқарма басшысы;

Қарлығашов А.Қ. - «Қазақстан спортшылары одағы» РҚБ Төрағасы;

Қанағатов Е. Б. - Қазақстан Республикасы Ұлттық Олимпиадалық Комитетінің спорт директоры;

Сапиев С. Ж. - Қазақстан Республикасы Ұлттық Олимпиадалық Комитеті Бас Хатшысының орынбасары;

Каженов А. - 24.kz телеарнасының спорттық тілшісі;

- Харитоновна И. - Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі жанындағы шығармашылық индустрияны дамыту кеңесінің мүшесі, Мәдени-шығармашылық индустрияны дамыту орталығының басшысы, Global Nomads даму директоры, Global Nomads Fashion Awards жобасының идеологы.
- Кушбаев А.Н. – «Спортты дамыту дирекциясы» РМҚК қоғаммен байланыс бөлімінің басшысы;
- Оралбай Н.Р. – Бокстан ұлттық құрама командасының спортшысы, бокстан ерлер арасында Әлем Чемпионы.
- Тұрсынов Н. - Грек-рим стиліндегі қазақстандық балуан, Азия чемпионы, 2020 жылғы Токио Олимпиадасының қатысушысы.
- Дәулетбеков А. - Еркін стильдегі қазақстандық балуан, 2022 және 2023 жылдардағы әлем чемпионаттарының жүлдегері, 2 дүркін Азия чемпионы, 6 дүркін Қазақстан чемпионы.
- Алябьева А.Р. - Көркем гимнастикадан халықаралық дәрежедегі спорт шебері, Азия ойындарының чемпионы.
- Рыпакова О. - Жеңіл атлетикадан Олимпиада чемпионы.
- Сметов Е. - Қазақстандық дзюдошы. Халықаралық дәрежедегі спорт шебері. Олимпиада жүлдегері, Әлем чемпионы.
- Абужақынова А. - Дзюдодан Әлем чемпионатының жүлдегері, Азия чемпионаттарының жүлдегері.
- Бакбергенова Ж. – Әйелдер күресінен ұлттық құрама командасының мүшесі. Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері, Азия чемпионаттарының чемпионы және жүлдегері, 2021 және 2022 жж. Әлем чемпионаттарының екі дүркін күміс жүлдегері.